

Бюджет мекемелерінің қажеті үшін көмірді сатып алу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 18 желтоқсандағы N 574. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.12.31. N 1715 қаулысымен.

"Қарағандашахтауголь" жабық үлгідегі акционерлік қоғамның құрамына кіретін Қарағанды көмір бассейнінің кәсіпорындарын қаржы-экономикалық сауықтыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 2 қазандағы N 1214 қаулысын орындау үшін:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті 1996 жылғы желтоқсанда бюджет мекемелерінің қажеті үшін "Қарағандашахтауголь" жабық үлгідегі акционерлік қоғамынан сомасы 300 600 / үш жүз миллион алты жүз мың / теңгеге көмірді орталықтандырып сатып алуды жүзеге асырсын.

Аталған көмірді сатып алу 1996 жылға арналған Республикалық бюджетте Комитетке көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылсын.

Премьер-Министр